

Бекітемін
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы
 Дауешова С.М.
« ____ » _____ 2024 ж.

**«Көшбасшылық – тиімді мектепшілік бақылау жүйесі» жас мектеп
директорлары үшін
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Жас мектеп директорларына арналған Байқау (бұдан әрі-Байқау) білім беру ұйымы басшыларының көшбасшылық және білім беру процесінің сапасын басқару саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру және мектеп ортасын дамытудың ең үздік жобаларын қолдау мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқаудың міндеттері:

- Білім беру ұйымын басқарудың үздік әдістері мен стратегияларын анықтау.
- Жас директорларды басқару құзыреттерін жетілдіруге ынталандыру.
- Мектепті дамытуға қатысты инновациялық тәсілдерді қолдау және тарату.

1.3. Байқау тегін негізде өткізіледі.

1.4. **Байқауды ұйымдастырушы:** Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК.

2. Байқауға қатысушылар

2.1. Байқауға жалпы орта білім беру ұйымының басшысы лауазымында жұмыс тәжірибесі бар **1-5 жыл аралығында еңбек өтілі** бар мектеп директорлары қатыса алады.

2.2. Байқау бағыттарының бірі бойынша іске асырылған немесе іске асыруға жоспарланған жобалардың болуы.

3. Байқау бағыттары

3.1. Оқу процесінің тиімділігін арттыруда инновациялар және жасанды интеллектті пайдалану

- Мектепті басқару мен білім беру процесінде заманауи технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу;
- Оқыту тиімділігін арттыру үшін деректер талдауын пайдалану жобалары;
- Оқушылардың ынтасын арттыру үшін ойын әдістерін және VR/AR технологияларын пайдалану.

3.2. Қолайлы және қауіпсіз мектеп ортасын құру

- Жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік интеграциясы мен қолдауына бағытталған бастамалар.

- Экологиялық жобалар және халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысу

3.3. Кәсіби қоғамдастықты дамыту үшін краудсорсинг және тәлімгерлік қолдау

- Білім беру мәселелерін шешу үшін краудсорсинг қолдану.

- Педагогтер арасында тәлімгерлік және тәжірибе алмасу бағдарламаларын құру.

4. Байқауды өткізу кезендері мен мерзімдері

Байқау 3 кезеңде өткізіледі.

4.1. Өтінім беру кезеңі

- мерзімі: **09-10 желтоқсан, 2024 жыл.**



- қатысушылар таңдаған бағыттары бойынша жоба сипаттамасын, қажетті құжаттарды жібереді.

4.2. Іріктеу кезеңі.

- мерзімі: *11-13 желтоқсан, 2024 жыл.*

- сараптама комиссиясы ұсынылған жобаларды бағалайды және финалистерді іріктейді.

4.3. Финал

- мерзімі: *17-18 желтоқсан, 2024 жыл.*

- финалистер өз жобаларын қазылар алқасының алдында ұсынады және қорғайды.

5. Өтінімдерді беру тәртібі

5.1. Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- Қатысуға өтінім (белгіленген нысанда).

- Жұмыс тәжірибесі мен жетістіктері көрсетілген қатысушының түйіндемесі.

- Таңдалған бағыт бойынша жобаның сипаттамасы (6-бөлімдегі талаптарды қараңыз).

- Ұсыныс хат (бар болса).

5.2. Құжаттар электрондық түрде k.bayahmetbaeva@astana-modern.edu.kz электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

6. Жобаны ресімдеуге қойылатын талаптар

6.1. Жобаны сипаттау құрылымы:

- Титул парағы: жобаның атауы, бағыты, қатысушының аты-жөні, білім беру ұйымының атауы.

- Аңдатпа: жобаның қысқаша сипаттамасы (300 сөзге дейін).

- Кіріспе: тақырыптың өзектілігі, жобаның мақсаты мен міндеттері.

- Негізгі бөлім:

- инновациялық шешімнің сипаттамасы.
- іске асыру әдістері мен құралдары.
- іс-қимыл жоспары және іске асыру кезеңдері.

- Күтілетін нәтижелер:

- қысқа және ұзақ мерзімді әсерлер.
- тиімділік көрсеткіштері.

- Қорытынды: жобаның қорытындылары мен даму перспективалары.

- Қосымшалар: диаграммалар, кестелер, фотосуреттер (қажет болса).

6.2. Техникалық талаптар:

- Көлемі: негізгі мәтін 20 бет (қосымшаларды қоспағанда).

- Құжат пішімі: Microsoft Word (.doc немесе .docx).

- Қаріп: Times New Roman, өлшемі 12 pt.

- Жол аралығы: 1.5.

- Өрістер: барлық жағынан 2 см.

7. Жобаларды бағалау өлшемшарттары

7.1. Инновация және өзіндік ерекшелік – 20 балл.

7.2. Практикалық маңыздылығы мен іске асырылуы – 20 балл.

7.3. Жобаны пысықтау сапасы – 20 балл.

7.4. Күтілетін нәтижелер мен тұрақтылық – 20 балл.

7.5. Презентация дағдылары және жобаны қорғау – 20 балл (соңғы кезеңде бағаланады).

Жоғары шекті ұпай саны: 100.

Жобаны бағалау өлшемшарттары баллдық шәкілі

Бағалау өлшемшарттары	Өлшемшарт мазмұны	Шекті балл
7.1. Инновация және өзіндік ерекшелік	7.1.1. Идеяның жаңашылдығы	10
	Жоба идеясы жаңа және бұрын қолданылмаған	
	7.1.2. Тәсілдің өзіндік ерекшелігі	5
	Стандартты емес әдістер мен шешімдер ұсынылған	
	7.1.3. Білім берудегі қазіргі тенденцияларға сәйкестік	5
Жоба білім беруді дамытудың өзекті бағыттарын ескереді		
7.2. Практикалық маңыздылығы мен іске асырылуы	7.2.1. Мектеп/қоғамдастық үшін практикалық маңыздылығы	10
	Жоба нақты мәселелерді шешеді және нақты пайда әкеледі	
	7.2.2. Іске асыру жоспарының шынайылығы	5
	Іске асыру жоспары нақты және көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады	
	7.2.3. Іске асыру үшін ресурстар мен мүмкіндіктердің болуы	5
Қатысушының қажетті ресурстары немесе оларға қол жетімділігі бар		
7.3. Жобаны пысықтау сапасы	7.3.1. Сипаттаманың толықтығы мен анықтығы	10
	Жоба егжей-тегжейлі сипатталған, барлық аспектілері ескерілген	
	7.3.2. Презентацияның қисындылығы мен дәйектілігі	5
	Ақпарат логикалық ретпен берілген	
	7.3.3. Әдістер мен құралдардың негізділігі	5
Әдістер мен құралдардың таңдалуы дәлелді		
7.4. Күтілетін нәтижелер мен тұрақтылық	7.4.1. Күтілетін нәтижелердің анықтығы мен өлшенуі	10
	Нәтижелер нақты тұжырымдалған және сандық көрсеткіштерге ие	
	7.4.2. Жобаның тұрақты даму перспективалары	5
	Жоба ұзақ мерзімді перспективаға ие және одан әрі дами алады	
	7.4.3. Жобаның масштабты түрде таралуы (өсуі)	5
Масштабты түрде жобаның басқа мектептерде, республикалық, халықаралық үрдісте қолданылуы		
7.5. Презентация дағдылары және жобаны қорғау	7.5.1. Жобаны нақты және сенімді түрде ұсына білу	10
	Сөйлеу мәнері анық, құрылымды және тартымды болды	
	7.5.2. Қазылар алқасының сұрақтарына жауаптар	5
	Қатысушы жоба туралы өзінің терең түсінігін көрсете отырып, сұрақтарға сауатты жауап берді	
	7.5.3. Көрнекі материалдарды пайдалану және деректерді визуализациялау	5
Презентация сапалы көрнекі материалдармен сүйемелденді		

8. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

8.1. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы үш жеңімпазды анықтап, дипломдар және бағалы сыйлықтар табыстайды:

- Бірінші орын (90-100 балл) – диплом және смарт колонка.
- Екінші орын (80-90 балл) – диплом және смарт сағат.
- Үшінші орын (70-80 балл) – диплом және смарт білезік.

8.2. Финалдық кезеңге қатысқан барлық қатысушыларға байқауға қатысқаны үшін сертификаттар беріледі.

9. Сараптама комиссиясы және қазылар алқасы

9.1. Жобаларды бағалау үшін білім беру, басқару, инновациялар саласындағы мамандардан және серіктес ұйымдардың өкілдерінен сараптамалық комиссия құрылады.

9.2. Комиссияның құрамын ұйымдастырушы бекітеді және қатысушылардың назарына жеткізеді.

9.3. Әділқазылар мүшесі ретінде білім беру, басқару, инновациялар саласындағы мамандардан және серіктес ұйымдардың өкілдері алынады.

10. Қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Қатысушылар құқығы:

- Байқауға қатысу мәселелері бойынша ақпарат және кеңес алу.
- Жобаны қорғау кезінде өз ұстанымын қорғау.

10.2. Қатысушылар міндетті:

- Сенімді ақпарат пен түпнұсқа материалдарды ұсыну.
- Осы Ережеде белгіленген мерзімдер мен талаптарды сақтау.

11. Ұйымдастырушы құқығы

11.1. Ұйымдастырушы құқығы:

- Ұсынылған материалдардың авторлығын көрсете отырып, коммерциялық емес мақсаттарда пайдалану.
- Қатысушыларды хабардар ете отырып, байқауды өткізу мерзімдері мен шарттарына өзгерістер енгізу.

1-ҚОСЫМША. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ НЫСАНЫ

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

«Көшбасшылық – тиімді мектепшілік бақылау жүйесі»

1. Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты:

2. Туған күні:

3. Білім беру ұйымының атауы:

4. Ұйымның мекенжайы:

- Пошталық мекенжайы: _____

- Телефон: _____

- Электрондық пошта: _____

- Мектеп сайты (егер бар болса): _____

5. Директор қызметінде жұмыс өтілі:

6. Конкурса қатысу бағыты (кез келгенін белгілеңіз):

1. Оқу процесінің тиімділігін арттыруда инновациялар және жасанды интеллектті пайдалану

2. Қолайлы және қауіпсіз мектеп ортасын құру

3. Кәсіби қоғамдастықты дамыту үшін краудсорсинг және тәлімгерлік қолдау

7. Жоба атауы:

8. Жобаның қысқаша сипаттамасы (300 сөзге дейін):

9. Қатысушының байланыс ақпараттары:

- Ұялы телефон: _____

- Электрондық пошта: _____

10. Өтінімді тапсыру күні:

« ____ » _____ 20__ ж.

Қатысушының қолы:
